

Ералиев өңіріндегі мектептің қалыптасу жылнамасының тарихы

Колхоздасуға дейін ауылда «Айбат», «Жиделі», «Жарық», «Маркс» серіктіктері болды.

1934 жылы бастауыш мектеп құрылды. «Айбат» серіктігінде ашылған бастауыш мектепте Қуанышев Құлшынбай, «Жиделіде» Үдербаев Баһарам ұстаздық етті;

1937 жылы «Жарық» серіктігінде Қошқаров Көпжасар, «Жиделіде» Қатпин Аманбай бастауыш мектептердің мұғалімі болып қызмет істеді.

Мектеп меңгерушісі-Байбатыров Бегұлы;

1938 жылы Жарық бастауыш мектебінің меңгерушісі болып Әбдірәйімов Шайхидин тағайындалған. Мұғалімдер - А.Қатпин, Б. Байбатыров, Ә. Ысқақов;

1939 жылдан бастап «Жарық» бастауыш мектебінің меңгерушісі -Тәкешев Әбсалам;

1941 оқу жылы «Жиделі» орталау мектебіндегі мұғалімдер-Қ. Қуанышев, Б.Үдербаев;

1952 жылы жеті жылдық мектеп болды, директоры-Әбдірайымов Әбдікәрім;

1954-1956 оқу жылында мектеп директоры - Әбдірахманов Хамит, мұғалім-Ақшорин Қиғамбек

1956 жылы мектеп директоры - Күленов Әбілғазы, мұғалім-Арыстанов Отарбай;

1959-1963 оқу жылында 8 жылдық мектеп болды, директор-Әбдірахманов Хамит;

1963-1970 жылдары мектеп директоры - Жуанышбаев Оспан;

1970-1973 жылдары мектеп директоры -Күнашықов Мұқатай;

1972-1973 оқу жылында Карл Маркс атындағы орта мектебі мәртебесі берілді;

1973-1976 оқу жылдары мектеп директоры-Нығызбаев Жақсыкүн;

1976-1986 жылдары мектеп директоры-Жуанышбаев Оспан;

1986-1993 оқу жылдары мектеп директоры-Бимендин Өзбек;

1993-1994 оқу жылы мектеп директоры Нығызбаев Жақсыкүн;

1994-1998 оқу жылдары мектеп директоры-Әбікенов Нығмет;

Қазақстан Республикасында әкімшілік аумақтық бірліктердің атауларын ретке келтіру, атауларын өзгерту, қалпына келтіру, тұжырымдамасына сәйкес, аудан әкімінің №46А 28.02.1996 жылы шыққан шешімі негізінде Ш. Ералиев селолық округі әкімінің №9 06.04.1996 жылғы шешімімен Карл Маркс атындағы орта мектептің атауы Оспан Әлібаев атындағы орта мектеп болып өзгертілді.

1999-2014 оқу жылы мектеп директоры- Кемелов Оразбек;

2015 жылдан бастап мектеп директоры -Алин Досбол Ғалымұлы